Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 42 (944) 22 қазан 2026 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://www.instagram.com/magzhan.zhuldizi/ e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

РЕСПУБЛИКА КҮНІМЕН!

Құрметті солтүстікқазақстандықтар! Қадірлі жерлестер!



Сіздерді еліміздің ең қастерлі ұлттық мерекелерінің бірі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Республика күні – елдігіміз бен егемендігіміздің, халқымыздың бірлігі мен ынтымағының айқын символы. 1990 жылғы 25 қазанда Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылдануы тәуелсіз мемлекет құру жолындағы тарихи белеске айналды. Бұл тағдырлы шешім халқымыздың азаттыққа деген ғасырлар бойғы арманын ақиқатқа айналдыруға жол ашты.

Биыл еліміз Тәуелсіздігінің 35 жылдығын атап өтеді. Осы жылдар ішінде Қазақстан мемлекеттілігін нығайтып, халықаралық аренада өз орнын айқындаған, өркендеу жолына түскен іргелі елге айналды. Бұл жетістіктердің негізінде халқымыздың қажырлы еңбегі, берекелі бірлігі мен жарқын болашаққа деген сенімі жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде ауқымды саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жүзеге асырылуда. Олардың басты мақсаты – заң үстемдігі орнаған, әр азаматтың құқығы қорғалған, халықтың әл-ауқаты мен өмір сапасы басты орынға қойылған Әділетті Қазақстанды қалыптастыру. «Заң мен тәртіп» қағидаты мен «Таза Қазақстан» бастамасы да осы маңызды міндеттермен үндесіп, қоғамдағы жауапкершілік пен отаншылдық құндылықтарын нығайтуға бағытталған.

Солтүстік Қазақстан облысы да еліміздің өркендеуіне өзіндік үлесін қосып келеді. Құтты Қызылжар өңірі – берекелі еңбектің, қалыптасқан дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығының мекені. Астықты алқаптарымыз, дамып келе жатқан өндіріс орындары мен өңірдің экономикалық әлеуеті – солтүстікқазақстандықтардың табанды еңбегінің нәтижесі. Бүгінде облысымызда жаңа кәсіпорындар ашылып, инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда, жолдар мен инженерлік инфрақұрылым жаңғыртылып, білім беру және денсаулық сақтау нысандары салынуда. Мұның барлығы тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға, жастарға жаңа мүмкіндіктер ашуға, өңіріміздің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Біздің ең басты байлығымыз – туған жерінің тағдырына бейжай қарамайтын, ел игілігі жолында аянбай еңбек ететін азаматтарымыз. Осы орайда, ел тәуелсіздігінің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан аға буын өкілдеріне, өңіріміздің дамуына адал еңбегімен үлес қосып жүрген барша жерлестерімізге шынайы алғысымды білдіремін. Сіздердің еңбектеріңіз, жауапкершіліктеріңіз бен туған өлкеге деген сүйіспеншіліктеріңіз – ортақ жетістіктерімізді берік негізі.

Қадірлі жерлестер!

Республика күні – өткенімізге тағзым етіп, бүгінгі жетістіктерімізді бағалайтын, болашақ алдындағы жауапкершілігімізді терең сезінетін мереке. Тәуелсіздікті сақтау, ел бірлігін нығайту және мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосу – баршамызға ортақ қасиетті міндет. Осынау айтулы мерекеде әр шаңырақта амандық, бақ-береке мен молшылық, баршаңызға зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін! Еліміздің ертеңі жарқын, халқымыздың ынтымағы жарасымды, болашағымыз баянды болсын!

Ғауез НҰРМҰХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

Құрметті Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары! Ардақты жерлестер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн еліміздің тарихында айрықша орын алады. 1990 жылғы 25 қазанда Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылдануы Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасуына жасалған маңызды қадам болды. Республика күні бізге тәуелсіздіктің қадірін, халық бірлігінің күшін және әр азаматтың ел болашағы алдындағы жауапкершілігін еске салады.

Биыл Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 35 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде еліміз берік мемлекеттік негіз қалыптастырып, түрлі салаларда елеулі жетістіктерге жетті және алға нық қадам басып келеді. Бұл табыстардың артында өз еңбегімен, бастамашылдығымен және Отанға деген адалдығымен ел игілігіне үлес қосып жүрген азаматтар тұр.

Қазіргі Қазақстанның алдында халықтың өмір сүру сапасын арттыру, экономиканы дамыту, қоғамдық келісімді нығайту және азаматтарға тең мүмкіндіктер жасау сияқты маңызды міндеттер тұр. Бұл басымдықтарды жүзеге асыру мемлекеттік органдардың жүйелі жұмысына ғана емес, қоғамның белсенді қатысуына да байланысты. Жауапкершілік, адал еңбек, заңды құрметтеу және туған жерге қамқорлық жасау сияқты құндылықтар күнделікті өмірімізде баршамызды біріктіруі тиіс.

Мағжан Жұмабаев ауданы үшін де бұл мереке атқарылған жұмыстарды саралап, алдағы міндеттерді айқындауға мүмкіндік береді. Ауданымыздың әлеуеті зор. Оның басты тірегі – жер өңдеп, кәсіпкерлікті дамытып, бала тәрбиелеп, мәдени дәстүрлерді сақтап, өз елді мекендерінің қоғамдық өміріне белсенді араласып жүрген тұрғындар.

Біздің ортақ міндетіміз – өмір сүруге, еңбек етуге және бала тәрбиелеуге қолайлы аудан қалыптастыру. Осы мақсатта ауылдық аумақтарды дамыту, инфрақұрылымды жетілдіру, тұрғындардың бастамаларына қолдау көрсету және жастарға жаңа мүмкіндіктер жасау бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажет. Бірлескен еңбек, ашық диалог және ортақ жауапкершілік алға қойған мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Еңбек ардагерлері мен аға буын өкілдеріне ерекше алғысымды білдіремін. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен көп жылғы еңбектеріңіз ауданымыздың тарихында айрықша орын алады. Ортақ мәселелерден шет қалмай, жерлестеріне қолдау көрсетіп, туған өлкенің дамуына үлес қосып жүрген барша тұрғындарға ризашылығымды білдіремін.

Қадірлі жерлестер!

Еліміздің күші – халықтың бірлігінде, ал әр ауданның әл-ауқаты оның тұрғындарының нақты істері мен жетістіктерінен құралады. Республика күні баршамызға Қазақстанды мақтан тұтуға және жаңа игі бастамаларға шабыт берсін!

Сіздерге және отбасыларыңызға зор денсаулық, бейбітшілік, тұрақтылық пен бақ-береке тілеймін! Әр шаңырақта өзара түсіністік пен амандық орнасын, барлық бастамаларыңыз сәтті жүзеге ассын. Ауданымыз дами берсін, еліміз өркендеп, болашаққа нық қадам баса берсін!

Рахат СМАҒҰЛОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі.

МӘСЛИХАТ

Булаев қаласында аудан әкімі Рахат Смағұловтың, аудан активі мен аудандық мәслихаттың VIII шақырылым депутаттарының кездесуі өтіп, онда депутаттардың атқарған жұмыстарының қорытындылары талқыланды.



VIII ШАҚЫРЫЛЫМ ДЕПУТАТТАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

2023 жылғы 19 наурызда депутаттар сайланған күннен бастап бүгінгі күнге дейін халықпен өзара байланыс орнату, азаматтардың өтініштерін қарау және ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелерін шешу бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды.

Аудандық мәслихаттың VIII шақырылымы кезеңінде 45 сессия өткізілген екен. Он депутат сайлаушылармен жүйелі жұмыс жүргізді: халықпен 181 кездесу ұйымдастырылып, азаматтардың 283 өтініші қаралды, 198 депутаттық сауал жолданып, халық алдында 59 есеп берілді.

Кездесу барысында аудан әкімі депутаттарға адал еңбегі, белсенді азаматтық ұстанымы, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарағаны және Мағжан Жұмабаев ауданының дамуына қосқан үлесі үшін шынайы алғысын білдірді.

- Аудандық мәслихаттың VIII шақырылым депутаттарына атқарған еңбектері, белсенді азаматтық ұстанымдары және Мағжан Жұмабаев ауданының дамуына қосқан үлестері үшін алғыс білдіреміз, - деді Рахат Назымбекұлы.

Атқарылған жұмыстары үшін ризашылық белгісі ретінде депутаттарға аудан әкімінің Алғыс хаттары мен естелік сыйлықтары табысталды.

Іс-шараға қатысқан депутаттық корпус өкілдері, ардагерлер кеңесі мен қоғамдық кеңес мүшелері кезек-кезек сөз алып, депутаттармен сындарлы өзара іс-қимылдың, халықпен ашық диалог орнатудың және аудан тұрғындарының игілігі жолындағы бірлескен жұмыстың маңыздылығын атап өтті.

Кездесу соңында аудан әкімі Рахат Смағұлов VIII шақырылым депутаттарына туған өлкенің дамуына қосқан үлестері үшін алғыс айтып, зор денсаулық, отбасыларына амандық және алдағы жұмыстарына табыс тіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР МЕРЕКЕ КҮНІ ҚАТАРЫНАН ҮШ КҮН ДЕМАЛАДЫ

Қазақстанда 25 қазанда ел үшін маңызды мерекелердің бірі – Республика күні атап өтіледі. Ұлттық мерекеге орай барлық азамат демалады. Биыл 25 қазан жексенбіге сәйкес келетіндіктен, демалыс күні 26 қазан, дүйсенбіге ауыстырылады.



5 күндік жұмыс аптасында 24 қазан, сенбі – демалыс күні. Ал 6 күндік жұмыс аптасында бұл күн жұмыс күні болып саналады.

Осылайша, халықтың басым бөлігі 24 қазан, сенбіден бастап 26 қазан, дүйсенбіні қоса алғанда, қатарынан үш күн демалады.

ЖАРЛЫҚ

БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ МӘСЛИХАТТАРДЫҢ ӨКІЛЕТТІГІН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 88-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 101-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 2-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарын кезектен тыс сайлауды тағайындау, оны дайындау мен өткізуді ұйымдастыру жөніндегі шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Астана қаласының, облыстардың, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарын кезектен тыс сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдасын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ. ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда,
2026 жылғы 12 қазан № 1521.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

№ р/н	Аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері	Телефон, e-mail	Аумақтық сайлау комиссиясының құрамы
Мағжан Жұмабаев ауданының аумақтық сайлау комиссиясы			
1	150800, Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, 2 кабинет, экономика және қаржы бөлімінің ғимараты	тел. 8(71531) 2-12-33 e-mail: tic_sko_zhm@saylau.kz	Төраға – Шайкенов Данияр Балғабайұлы; төрағаның орынбасары – Дүйсекеев Есен Ермекұлы, комиссия хатшысы – Низамова Анастасия Ивановна; комиссия мүшелері – Ахметова Ұлмекен Шаймұранқызы, Әбілмәжінов Батыр Мұратұлы, Махметова Крестина Владимировна, Ыбыраева Әлия Жақсылыққызы

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ БОЙЫНША ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

№	Сайлау округінің нөмірі	Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері	Телефон	Сайлау округі шекарасының сипаттамасы	Округтік сайлау комиссиясының құрамы
1.	№ 9	150800, Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, 2 кабинет, экономика және қаржы бөлімінің ғимараты	8(71531) 21233	Мағжан Жұмабаев ауданының аумағы	Төраға – Шайкенов Данияр Балғабайұлы; төрағаның орынбасары – Дүйсекеев Есен Ермекұлы, комиссия хатшысы – Низамова Анастасия Ивановна; комиссия мүшелері – Ахметова Ұлмекен Шаймұранқызы, Әбілмәжінов Батыр Мұратұлы, Махметова Крестина Владимировна, Ыбыраева Әлия Жақсылыққызы

ЕСКЕРТПЕ: *«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабы 3 тармағына сәйкес бірмандаттық № 1 (Айыртау ауданы), № 2 (Ғабит Мүсірепов атындағы аудан), № 5 (Тайынша ауданы), № 8 (Қызылжар ауданы), № 9 (Мағжан Жұмабаев ауданы) аумақтық сайлау округтерінде округтік сайлау комиссияларының өкілеттіктерін тиісті аумақтық сайлау комиссиялары атқарады.*

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ БОЙЫНША ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

№ р/н	Сайлау округінің нөмірі	Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері	Телефон	Сайлау округінің шекарасының сипаттамасы (сайлау учаскесінің нөмірі)	Округтік сайлау комиссиясының құрамы
Мағжан Жұмабаев ауданы					
1.	№1	Булаев қ., Водопроводная к., 20. Мағжан Жұмабаев аудандық аумақтық инспекциясының ғимараты	8(71531) 20253	200, 207	Төраға - Сағындықов Амангелді Оралбайұлы; төраға орынбасары - Байрак Вадим Владимирович; хатшы - Лакизо Татьяна Александровна; комиссия мүшелері - Халимоненко Александра Николаевна, Мұстафин Абылай.
2.	№2	Булаев қ., Буденный к., 10. мектеп ғимараты	8(71531) 22253	204, 205, 206	Төраға - Акулов Евгений Андреевич; төраға орынбасары - Қожахметова Альбина Оразбайқызы; хатшы - Омарова Жадыра Қанатқызы; комиссия мүшелері - Гаврилова Оксана Леонидовна, Кутузова Елена Владимировна.
3.	№3	Булаев қ., Комарова к., 16, мектеп ғимараты	8(71531) 21713	201, 203	Төраға - Уақышев Есенгелді Ғаббасұлы; төраға орынбасары - Бекішев Медет Хайырлыұлы; хатшы - Баймолдина Аягөз Уақытқызы; комиссия мүшелері - Қаржауов Қайрат Садықұлы, Рихарт Юлия Владимировна.
4.	№4	Булаев қ, Сәбит Мұқанов к. 34, мектеп ғимараты	8(71531) 22282	202, 248, 250	Төраға - Сәрсембаева Русалина Оралқызы; төраға орынбасары - Смагулова Лариса Владимировна; хатшы - Савченко Юлия Игоревна; комиссия мүшелері - Арбағұлова Әлия Маратқызы, Әбішева Мақпал Жанатқызы.
5.	№5	Бастомар ауылы, 5-көше к., 20, мектеп ғимараты	8(71531) 35766	210, 211, 212, 235	Төраға - Якубик Галина Петровна; төраға орынбасары - Қожамсейітов Сайран Қажтайұлы; хатшы - Шадрина Татьяна Викторовна; комиссия мүшелері - Козлова Юлия Геннадиевна, Умовист Валентина Эвальдовна.
6.	№6	Қарақоға ауылы, Мағжан Жұмабаев к., 1, мектеп ғимараты	8(71531) 24489	216, 217, 218, 219, 229, 230	Төраға - Шершнева Инна Александровна; төраға орынбасары - Әбілқайыров Арман Нәбиұлы; хатшы - Чернец Ольга Анатольевна; комиссия мүшелері - Сәрсімбаева Жұлдыз Марғұланқызы, Таирова Зульфия Фаиловна.

7.	№7	Чистовское ауылы, Школьная к., 1, мектеп ғимараты	8(71531) 24698	215, 227, 234, 256, 257	Тораға - Әбілова Раушан Викторовна; тораға орынбасары - Исенов Марат Сағынтайұлы; хатшы - Аяшева Сәуле Мүбәракқызы; комиссия мүшелері - Велижанская Елена Александровна, Петрова Ольга Юрьевна.
8.	№8	Пролетарка ауылы, 2-көше к., 1, мектеп ғимараты	8(71531) 52331	220, 221, 222, 223, 231, 232, 233, 255	Тораға - Жақыпова Алмагүл Оралқызы; тораға орынбасары - Бақбасарова Шолпан Хәкімқызы; хатшы - Гросман Лия Рашидовна; комиссия мүшелері - Васильева Светлана Владимировна, Рябчевских Татьяна Аверковна.
9.	№9	Таманское ауылы, Школьная к., 21, мектеп ғимараты	8(71531) 52796	214, 226, 241, 242, 243, 244, 245, 246, 247	Тораға - Нағыманова Қалиша Темірғалиқызы; тораға орынбасары - Розенбах Сергей Анатольевич; хатшы - Егорова Любовь Ивановна; комиссия мүшелері - Николаева Зинаида Анатольевна, Ниточка Ольга Григорьевна.
10.	№10	Полтавка ауылы, Тахир Мұсаев к., 25А, мектеп ғимараты	8(71531) 27191	208, 209, 224, 225, 240,	Тораға - Белименко Ирина Васильевна; тораға орынбасары - Калинбет Наталья Владимировна; хатшы - Зубенко Елена Александровна; комиссия мүшелері - Әбілмәжінов Әсет Әлжанұлы, Шарапов Игорь Геннадьевич.
11.	№11	Бәйтерек ауылы, Молодежная к., 16, мектеп ғимараты	8(71531) 27688	236, 238, 252, 253, 254	Тораға - Тілеуов Бекболат Кәмілжанұлы; тораға орынбасары - Меңдібаева Мәриям Жұмабекқызы; хатшы - Тербах Светлана Владимировна; комиссия мүшелері - Дөкенова Жанар Ешкенқызы, Жантасов Серік Бахытжанұлы.

УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ, САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

№ р/н	Сайлау учаскесінің нөмірі	Учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан жері	Сайлау учаскесі шекараларының сипаттамасы	Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы
			Мағжан Жұмабаев ауданы	
1.	№ 200	Булаев қаласы, Маяковский к., 16, мектеп ғимараты	Булаев қаласы, Юбилейная к., №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 10а, 11, 12б, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31а, 31б, 31, 32 үйлері; Шоферская к., №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 28а, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 35а үйлері; Пионерская к., №: 15, 17, 19, 21, 23, 25, 27, 29, 32, 34, 36, 38, 38а, 40, 42, 44, 44а, 46, 48, 50, 52, 54 үйлері; Восточная к., №: 1, 1в, 1б, 5, 5а, 7, 9, 11, 13, 15, 17, 19, 21, 22, 31б үйлері; Деповская к., №: 1, 1а, 1б, 2, 2а, 2б, 2в, 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 7а, 8, 8а, 9, 22, 26 үйлері; Кәрім Сүтішев к., №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 6а, 8 үйлері; Чехов к., №: 1, 1а, 1б, 1в, 2, 3, 3а, 4, 5, 5а, 6, 7, 7а, 7б, 8, 9, 9а, 11, 11а, 13, 14, 15, 15а, 16, 17, 18, 18а, 18б, 19, 19а, 20, 21, 21а, 22, 23, 23а, 25, 26, 27, 29, 29а, 29б, 29в, 32, 35, 47 үйлері; Московская к., №: 1, 1а, 2, 2а, 3, 3а, 4, 6, 7, 7а, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17а, 19, 20, 22, 23, 24, 24а, 25, 25а, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 37а, 38, 38а, 39, 40 үйлері; Маяковский к., №: 1, 2, 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 15а, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 27а, 28, 29, 30, 32, 33, 33а, 35, 36, 37, 37а, 38, 39, 40 үйлері; Островский к., №: 1, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 18а, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 31, 32, 33, 34, 34а, 35, 36, 37, 38, 38а, 40, 42, 44, 46, 46а, 48, 50 үйлері; Молодежная к., №: 1, 1а, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 10а, 11, 11а, 12, 13, 14, 15, 15а, 16, 17, 18, 19, 22, 23, 24, 25, 26, 30, 32; Тельман к., №: 1, 1а, 1б, 2, 2а, 2д, 3, 4, 4а, 5, 6, 6а, 8, 9 үйлері; Линейная к., №: 4, 4а, 4г, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 22, 28 үйлері; Кирпичная к., №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11 үйлері; Попов к., №: 1, 2, 2а, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 14а, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 24а, 26, 28, 28а, 30, 32, 34, 36, 38, 40, 40а, 42, 44 үйлері; Олег Кошевой к., №: 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 9а, 10, 18а, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44 үйлері; Заводская к., №: 1, 1а, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 9а, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 25а, 26, 27, 28, 30 үйлері; Шоссейная к., №: 1, 3, 4, 4а, 4б, 4в, 5, 7, 13, 15, 17, 19, 25 үйлері; Мағжан Жұмабаев к., №: 2, 3, 5, 5а, 7, 9, 11, 13, 15, 17, 19, 25, 42 үйлері; Водопроводная к., №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 6а, 6б, 6в, 7, 7а, 7б, 8, 9, 9а, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 32 үйлері; Олег Кошевой қысқа к., №: 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 38, 44 үйлері; Заводская қысқа к., № 1, 2, 5, 7, 8, 9, 9а, 10, 11, 12, 13, 13а, 14, 15, 15а, 16 үйлері.	Тораға – Ахметжанов Қуат Тәжіденұлы; тораға орынбасары – Каленов Талғат Мырзабайұлы; комиссия хатшысы – Жансүгірова Гүлжан Серіккқызы; комиссия мүшелері – Әбілмәжінова Жанар Кенжебайқызы, Әбішева Гүлнәр Ағыбайқызы, Землянных Елена Николаевна, Мұратова Галина Дәулетайқызы.
2.	№ 201	Булаев қ., Комаров к., 16, мектеп ғимараты	Булаев қаласы, Пионерская к., №: 1, 1а, 2, 2а, 2б, 2в, 2г, 2д, 2е, 3, 3а, 4, 4а, 5, 6, 7, 8, 9, 9б, 9в, 10, 11, 11а, 13, 14, 16, 16а, 16б, 16в, 18, 18а, 18б, 20, 22, 22а, 22б, 24, 26, 26а, 28, 28а, 30 үйлері; Целинная к., №: 20, 22, 23, 23а, 24, 26, 28, 29, 29а, 29б, 31, 31а, 31в, 32, 33, 34, 34б, 35, 36, 37, 37а, 38, 39, 40, 42, 43, 44, 44а, 45, 46, 46а, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 53а, 54, 55а, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 68а, 70, 72, 74, 76, 78 үйлері; Береговая к., №: 80, 83 үйлері; Абай Құнанбаев к., №: 82, 86 үйлері; Әлия Молдағұлова к., №: 65, 69, 70, 71, 72, 73 үйлері; Ыбырай Алтынсарин к., №: 64, 69, 71 үйлері; Комаров к., №: 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8а, 8б, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 16а, 17, 18, 19, 20, 23, 25 үйлері; Южная к., №: 1, 1а, 2, 3, 4, 5, 6, 6а, 6б, 6 в, 7, 8, 10, 11, 13, 13а, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 43, 45, 47 үйлері; Спортивная к., №: 4, 6 үйлері; Школьная к., №: 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 үйлері; Энергетиков к., №: 1, 2, 2а, 2в, 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 19, 21, 21а, 23, 25, 25а, 27 үйлері; Мұхтар Әуезов к., №: 1, 2, 2а, 3, 3а, 4, 5, 5а, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 27а, 28, 29, 33 үйлері; Ново-Целинная к., №: 2, 2а, 3, 3а, 4, 4а, 5, 6, 6а, 7, 8, 8а, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24 үйлері; Королев к., №: 1, 1б, 2, 3, 3а, 3б, 5, 7, 9, 9а, 11, 11а, 12, 13, 14, 15, 17, 19, 21, 23 үйлері; Королев қысқа к., №: 11, 13 үйлері; Пионерский қысқа к., №: 1, 3, 4, 4а, 4б, 5, 7а, 9, 10 үйлері; Гоголь к., №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 12, 14, 16, 18 үйлері; Лихачев к., №: 1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 10, 11, 14, 15, 16, 18, 20 үйлері.	Тораға – Жекенов Ербол Орынбасарұлы; тораға орынбасары – Қайрат Бауыржан Таупықұлы; комиссия хатшысы – Шайкенова Тендік Сайранқызы; комиссия мүшелері – Тұяқова Маржан Нұржанқызы, Ысқақова Дәмежан Шаймұранқызы.

Жалғасы 4-бетте.

Жалғасы, басы 3-бетте.

3.	№ 202	Булаев қ., Сәбит Мұқанов к., 34, мектеп ғимараты	Булаев қаласы, Юбилейная к., №: 33, 33а, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 41а, 44, 46, 54, 56, 58, 60 үйлері; Целинная к., №: 2а, 3, 3а, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 16, 17, 18 үйлері; Восточная к., №: 3, 3а, 6, 8, 10, 12 үйлері; Ленинградская к., № 1, 2, 3, 4, 6, 7, 9, 9а, 12, 14, 14а үйлері; Тарас Шевченко к., №: 1, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 12, 13, 15, 17, 19, 19а, 21 үйлері; Пятилетка к., № 2, 3, 4, 5, 6, 11, 12 үйлері; Комсомольская к., №: 1, 7, 8, 9, 10, 12, 15, 17, 18 үйлері; Чапаев к., №: 1, 2, 3, 4, 5, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24 үйлері; Батыр Баян к., №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 10, 11, 14, 15, 23, 27 үйлері; Ыбырай Алтынсарин к., №: 1, 3, 4, 6, 7, 9, 23, 24, 25, 26, 27, 29, 30, 31, 33, 35, 36, 37, 38, 38а, 39, 40, 41, 42, 43, 43а, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 65, 67 үйлері; Әлия Молдағұлова к., № 1, 8, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 23, 26, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 53, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 68 үйлері; Абай Құнанбаев к., №: 5, 6, 8, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22а, 22, 23, 23а, 24, 24а, 25, 26, 27, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 41а, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 48а, 49, 50, 51, 51а, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 77, 78, 80 үйлері; Береговая к., №: 5, 9, 10, 14, 15, 17, 19, 20, 21, 21а, 22, 23, 23а, 24, 25, 27, 30, 32, 33, 34, 35, 36, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 49, 50, 51, 51а, 52, 53, 55, 58, 59, 60, 60а, 61, 62, 63, 64, 64а, 65, 65а, 67, 68, 69, 74, 75, 76, 77 үйлері; Тахир Мусаев к., № 2, 3, 4, 7, 7а, 8, 10, 11, 12, 13,14 үйлері; Никулин к., № 9, 13, 15, 16, 17, 18 үйлері; Чкалов к., № 1, 2, 5, 10, 13, 17, 19, 23 үйлері; Семен Киреев к., № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 12, 15, 16, 16а, 17, 18, 19, 20, 21, 23, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 31а, 32, 32а, 34, 35, 37а, 37, 38, 38а, 39, 40, 41, 42, 42а, 43, 44, 44а, 45, 46, 47а, 47б, 48, 49, 51, 52а, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 58а, 59, 60, 61, 62, 62а, 63, 64, 65, 66, 68, 70, 72 үйлері; Пушкин к., №: 2, 3, 4, 7, 12, 13, 15, 18, 20, 20а, 22, 26, 27, 28, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 36а, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 46а, 48, 49, 51, 53 үйлері; Первомайская к., №: 1, 2, 3, 4, 4а, 5, 6, 6а, 7, 7а, 8, 8а, 10, 10а, 11, 11а, 12а, 14а, 16, 16а, 19, 20, 20а, 22, 22а, 22б үйлері; Сәбит Мұқанов к., №: 1, 1а, 1б, 1в, 1г, 1д, 2, 2а, 2б, 2в, 2г, 3, 3а, 3б, 4, 4а, 4б, 5, 6, 6а, 6б, 6в, 7, 8, 9, 10, 11, 11а, 12, 12а, 13, 14, 15, 15а, 15б,15в, 16, 17, 18, 20, 21, 22, 24а, 25, 26, 27, 29, 31, 31а, 31б, 32, 32а, 32б, 33, 33а, 33б, 33в, 33г, 34, 34а, 35, 35а, 35б, 35в, 35г, 35д, 36, 37, 37а, 37б, 37в, 38, 39, 40, 41, 41а, 42, 43, 43а, 44, 45, 45б, 46, 46а, 46б, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 54а, 55, 57, 58а, 59, 61, 63, 64, 66, 70 үйлері; Вокзальная к., №: 1 үйі; Элеваторный к., №: 1, 2, 2а, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 23а, 24, 25, 25а, 26, 27, 28, 29, 29а, 30, 31, 32, 33, 34, 35 үйлері; Рабочий к., №: 1, 2, 3, 3а, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 19 үйлері; Озерный к., 1, 1а, 3, 5, 7, 7а, 9, 11, 12, 13, 14, 14а, 15, 16, 18, 19, 20, 21, 23, 25, 27, 29, 31 үйлері; Привокзальная алаңы к., №: 1, 2, 4, 5, 6, 12, 13, 14, 16 18 үйлері; Элеваторный тұйық к., № 4, 5, 6 үйлері; Элеваторный қысқа к., № 3, 4, 5, 7, 8 үйлері; Мәншүк Мәметова к., № 1, 2, 3, 4, 5, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 34, 36, 38 үйлері; Набережный к., № 3, 5, 11, 13, 15, 19, 19а, 27, 29, 33 үйлері.	Төраға – Байтасов Тілек Жаулыбайұлы; төрағаның орынбасары – Сүйіндіков Асхат Асылбекұлы; комиссия хатшысы – Плотникова Ольга Валерьевна; комиссия мүшелері – Еньшина Ирина Викторовна, Жағыпарова Әлфида Рашидқызы, Лобанчук Марина Александровна, Сұрағанова Зере Манарбекқызы.
4.	№ 203	Булаев қ. Мир к., 8 Г, әкімшілік ғимараты	Булаев қаласы, Батыр Баян к., №: 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 36, 37, 38, 39, 39а, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 51а, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 61а, 62, 63, 64, 65, 65а, 66, 67, 67а, 68, 69, 70, 71, 73, 79, 79а үйлері; Чапаев к., №: 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 33а, 34, 35, 36, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 57, 58, 58а, 59, 60, 61, 63, 64, 65, 68 үйлері; Комсомольская к., №: 20, 22, 23, 25, 27, 28, 29, 30, 33, 35, 36, 37, 38, 38а, 38б, 41, 42, 42а, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 58 үйлері; Пятилетка к., №: 17, 18, 19, 20, 21, 22, 26, 27, 27а, 28, 29, 31, 36, 37, 38, 38б, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 56 үйлері; Тарас Шевченко к., №: 16, 17, 18, 20, 22, 23, 25, 27, 28, 29, 30, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 49, 51, 53, 55 үйлері; Ленинградская к., №: 13, 15, 17, 18, 20, 23, 25, 26, 27, 28, 32, 33, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 47 үйлері; Тахир Мусаев к., № 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 41а, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 79, 80, 81, 82, 82а, 83, 84, 84а, 84б, 84в, 85, 86, 86а, 86б, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105 үйлері; Никулин к., № 26, 27, 28, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 43а, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 94а, 95, 96, 98, 100, 100а үйлері; Чкалов к., № 26, 27, 28, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 46а, 47, 48, 49, 51, 52, 54, 55, 56, 57, 57а, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 68а, 69, 70, 71, 71а, 72, 72а, 73, 74, 75, 75а, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 85, 87, 87а, 93, 95 үйлері; 1–Западная к., № 2, 3, 4, 5, 10, 11, 13, 16, 17, 18, 19, 21, 24, 26, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 43 үйлері; 2–Западная к., №: 1, 2, 3а, 4, 5, 7, 10, 12, 13, 15, 18, 20, 21, 22, 23, 25, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 34, 36, 38 к.,; 3–Западная к., №: 3, 4, 6, 9, 11, 12, 14, 16, 17, 19, 20, 21, 23, 24, 24а, 25, 26, 26а, 27, 28, 29, 30, 32, 34 үйлері; Жабаев к., №: 3, 4, 5, 6, 7, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 үйлері; Зеленая к., 1, 3, 4, 6, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 15а, 20, 21, 21а, 21б, 22, 22а, 23, 24, 24а, 25, 26, 27, 28, 30, 31, 32, 33, 35, 42, 44, 46, 47, 48, 49, 50, 52, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79, 83, 85, 87, 89, 91 үйлері; Медиков к., №: 3, 5, 7, 11, 12, 13, 14, 14а, 15, 16, 16а, 16б, 17, 17а, 18, 19, 20, 21, 22, 28 үйлері; Луговая к., №: 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 25а, 26, 27, 28, 28а, 29, 29а, 30, 31, 31а, 32, 33, 33а үйлері; Мир к., №: 8а, 8б, 10, 10а, 10б, 14, 16, 18, 20, 21, 22, 24, 26, 27, 28, 30, 32, 33, 34, 39, 41, 41а, 45, 51, 51а, 53, 55, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73 үйлері; Полевая к., № 1, 2, 2б, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 21, 22, 24, 26, 28, 30, 32 үйлері; Новая к., № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 26, 28, 30 үйлері.	Төрайым – Кукла Нұржихан Сабырқызы; төрайымның орынбасары – Арғабұлова Ақбидай Мүсетқызы; комиссия хатшысы – Қаржауова Айнұр Жақсылықызы; комиссия мүшелері – Жүнісов Серік Қабекенұлы, Конюшевская Вера Алексеевна, Никитина Светлана Александровна, Ортынская Галина Иосифовна.

5.	№ 204	Булаев қ. Строительная к., 36, колледж ғимараты	Булаев қаласы, Мичурин к., №: 3, 5, 7, 13, 15, 17, 21, 23, 25, 27, 33, 35, 41 үйлері; Привокзальная к., №: 24, 26, 26а, 28, 28а, 30, 32, 34, 111, 113, 117, 119, 121, 123, 125, 127, 129, 133, 135, 137, 139, 141, 143, 147, 149, 151, 157, 167 үйлері; Садовая к., № 82, 84, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 117а, 118, 119, 119а, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 133а, 134, 135, 137, 141, 143, 145, 147, 149, 151, 153, 155, 159 үйлері; Степная к., №: 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 88а, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 100а, 101, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 127, 129, 131, 133, 135, 137, 139, 141 үйлері; Буденный к., №: 86, 88, 90, 90а, 90б, 92, 94, 98, 100, 102, 104, 106, 108, 110, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 120а, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 139, 141, 143, 145, 147, 149, 151, 153, 155, 157, 159, 161, 163, 165, 167, 169 үйлері; Старо–Лесная к., №: 98, 100, 104, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 115а, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 138, 139, 139а, 143, 145 үйлері; Ново–Лесная к., №: 70, 72, 74, 76, 78, 80, 84, 86, 89, 90, 90а, 91, 91а, 92, 92а, 93, 94, 95а, 96а, 97, 99, 100, 103, 105, 107, 107а, 109, 111, 113, 115а, 115, 119 үйлері; Северная к., №: 50, 50а, 52, 54, 56, 58 үйлері; Дорожная к., №: 13, 13б, 15, 15а, 17, 29 үйлері; Урожайная к., №: 1, 3, 4, 4а, 5, 6, 10, 11, 12, 15, 17, 19 үйлері; Шухов к., №: 3, 4, 5, 6, 7, 11, 12, 13, 14, 19, 20, 21, 23, 26, 27, 32, 34, 35 үйлері; Плеханов к., №: 3, 4, 5, 6, 7, 8, 13, 14, 15, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 27, 29, 33, 34, 35 үйлері; Интернациональная к., №: 3, 4, 5, 6, 7, 8, 13, 14, 16, 17, 18, 22, 23, 24, 25, 30 үйлері; Панфилов к., №: 3, 4, 5, 6, 11, 12, 14, 15, 17, 20, 22, 23, 26 үйлері; Строительная к., №: 2, 4, 6, 10, 12, 14, 16, 17, 19, 20, 21, 22, 25, 27, 27б, 28, 30, 32, 33, 34, 36, 36а, 36б, 39, 39а, 39б, 39в, 39г, 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56 үйлері.	Төрайым – Бекішева Сандуғаш Оразалықызы; төрайымның орынбасары – Оразалиев Жанайдар Бектеміруұлы; комиссия хатшысы – Гусельникова Галина Валерьевна; комиссия мүшелері – Әмренова Роза Әлімжанқызы, Моисеева Светлана Александровна.
6.	№ 205	Булаев қ., Буденный к., 10, № 2 мектеп ғимараты	Булаев қаласы, Привокзальная к., №: 1, 2, 2а, 3, 4, 5, 6, 6а, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 18, 20, 25, 29, 31, 35, 37, 39, 45, 51, 53, 55, 61, 67, 73, 79, 83, 85, 89, 93, 97, 99, 103 үйлері; Мичурин к., №: 4, 6, 12, 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 34, 40 үйлері; Садовая к., №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 21а, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 30а, 30б, 31, 32, 34, 35, 36, 37, 38, 38б, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 50, 51, 52, 52а, 54, 55, 55а, 56, 56б, 57, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 69а, 70, 70а, 70б, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 80а, 81, 81а, 83, 85, 87, 89 үйлері; Степная к., №: 1, 1а, 2, 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 61а, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77 үйлері; Буденный к., №: 1, 2, 2д, 3, 4, 5, 6а, 7, 8, 8а, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 16а, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26,27, 28, 29, 30, 30а, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 41а, 42, 43, 44, 45, 46, 46а, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 58а, 59, 60, 61, 61а, 62, 63, 64, 65, 66, 68, 70, 70а, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 76а, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 87, 89, 91, 91а, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105, 105а, 107, 107а, 109 үйлері; Старо-Лесная к., №: 1, 1а, 2, 2а, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 32, 32а, 33, 33а, 34, 36, 37, 38, 39, 40, 40а, 40б, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 48а, 49, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 58а, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 64а, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 75, 76, 77, 78, 78а, 79, 80, 81, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 88а, 89, 90а, 90, 91, 93, 95, 96, 97, 99, 101, 103, 105 үйлері; Ново-Лесная к., №: 1, 1а, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 21а, 22, 24, 25, 25а, 26, 29, 30, 31, 31а, 34, 35, 36, 36а, 37, 37а, 38, 38а, 41, 42, 42а, 43, 43а, 44, 45, 46, 47, 48, 48а, 49, 50, 50а, 51, 51а, 52, 52а, 54, 54а, 55, 56, 57, 59, 59а, 60, 61, 62, 62а, 63, 64, 65, 65а, 67, 68а, 69, 71, 72, 73, 77, 77а, 79, 81, 81а, 83, 85, 85а, 87 үйлері; Северная к., №: 1, 1а, 1б, 1д, 2, 3, 3а, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12а, 12, 13, 13а, 14, 15, 15а, 16, 17, 18, 19, 19а, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 28а, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 46, 48, 53, 57, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79 үйлері; Дорожная к., №: 1, 1б, 1в, 1г, 1д, 1е, 2, 2а, 2б, 3, 4, 4а, 5, 6, 6а, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 14а, 16, 18, 20, 22, 24, 26, 28 үйлері; Кутузов к., №: 2, 2а, 2б, 3, 5, 6, 8, 9, 9а, 10, 11, 13, 14, 20, 22 үйлері; Суворов к., №: 3, 4, 5, 5а, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 21, 22, 23, 24, 26, 28, 29, 32, 35, 40 үйлері; Шоқан Уәлиханов № : 1, 3, 6, 7, 7а, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 24, 25, 26, 27, 28, 30, 30а, 33, 35, 36, 38, 41, 44, 46, 47, 49 үйлері; Горький к., №: 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 22, 23, 24, 28, 29, 31, 34, 36, 38, 40 үйлері; Толстой к., №: 2, 3, 4, 5, 6, 8, 10, 11, 13, 15 үйлері; Столбовая к., №: 1, 2, 3, 4, 6, 9, 10, 11, 12, 13, 16, 17, 18, 19, 20 ,25, 26, 27, 28, 28а, 29, 30, 32, 35, 37, 38, 40, 43, 44, 45, 46, 48, 49 үйлері; Лермонтов к., №: 3, 4, 6, 9, 11, 12, 14 үйлері; Сенная к., №: 5, 7, 9, 15 үйлері; Амангелді к., №: 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 12а, 13, 14, 15, 16, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25 үйлері; Некрасов к., №: 3, 4, 5 үйлері; Школьный тұйық к., №: 3, 4, 6 үйлері.	Төраға – Бәкіров Нұржан Ермекұлы; төрағаның орынбасары – Қалиев Ерқанат Саятұлы; комиссия хатшысы – Бейсембаева Гүлжан Аязбайқызы; комиссия мүшелері – Абдрахманова Анарай Анатольевна, Әліппаева Раушангүл Талғатқызы, Жанпейісов Нұрқасым Жақсыбайұлы, Жетпісбаева Гүлнар Елубайқызы.
7.	№ 206	Булаев қ., Нефтеплощадка к., 15, медициналық пункті үй-жайы	Булаев қаласы, Нефтеплощадка к., №: 1, 1а, 1б, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 9а, 10, 11, 11а, 12, 13, 14, 15, 15а, 16, 18, 19, 20, 20а, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 28, 30, 32 үйлері; Заготскот к., № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 22, 23, 24, 26 үйлері.	Төрайым - Рамашева Айдана Ербатырқызы; төрайымның орынбасары – Абдусаматова Ольга Михайловна; комиссия хатшысы – Қанапиянова Нұрсұлу Асланқызы; комиссия мүшелері – Елубаева Самал Әлімжанқызы, Коночкина Елена Васильевна.

Кестенің жалғасы

8.	№ 207	Медвежка а., Школьная к., 19, мектеп ғимараты	Медвежка а.	Төрайым – Қазанова Жанат Төлеуқызы; төрайымның орынбасары – Калашникова Светлана Николаевна; комиссия хатшысы – Ескендірова Марал Мұқажанқызы; комиссия мүшелері – Әмренова Мерей Ағыбайқызы, Ивлев Александр Иванович.
9.	№ 208	Полтавка а., Тахир Мұсаев к., 25А, мектеп ғимараты	Полтавка а.	Төрайым – Өтегенова Алма Назарбекқызы; төрайымның орынбасары – Черных Александр Юрьевич; комиссия хатшысы – Береговская Татьяна Васильевна; комиссия мүшелері – Клевакина Елена Викторовна, Ратушная Ольга Михайловна.
10.	№ 209	Достық а., Мир к., 12, мектеп ғимараты	Достық а. Рощино а.	Төрайым – Толстых Надежда Николаевна; төрайымның орынбасары – Өтегенова Құлбағира Ләтіпқызы; комиссия хатшысы – Нұрғалиева Наталья Дмитриевна; комиссия мүшелері – Сыздықов Азамат Достайұлы, Толстых Зайра Назарбекқызы.
11.	№ 210	Александровка а., Шоқан Уәлиханов к., 2А, мектеп ғимараты	Александровка а.	Төрайым – Третьякова Ирина Хабдурашидовна; төрайымның орынбасары – Мұқанов Абай Зейноллаұлы; комиссия хатшысы – Калинко Валентина Ивановна; комиссия мүшелері – Микеладзе Валентина Юрьевна, Ридингер Сергей Яковлевич.

Жалғасы 8-бетте.

ҚАРИЯЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАН «ЖЕРЛЕСТЕР КЕЗДЕСУІ»



Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігі мен ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен жыл сайын облыс орталығында «Жерлестер кездесуі» өтеді. Дәстүрге айналған игі шараға биыл ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, қоғамдық саяси және мәдени-білім саласында абыройлы еңбек еткен аға буын өкілдері бас қосты.



Айтулы іс-шараға облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ескендір Елеусізов қасиетті Мағжан елінен шыққан қазыналы қарияларды шын жүректен мерекемен құттықтап, олардың көп жылғы еңбегі, өмірлік тәжірибесі мен туған өлкенің дамуына қосқан үлесі үшін алғысын білдірді.

Қарттар күніне арналған айлық аясында ұйымдастырылған жерлестер кездесуіне аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов және аудан әкімінің орынбасары Айгүл Мұқанова да қатысты. Ол аудан әкімі Рахат Смағұловтың атынан жиналған қауымды құттықтап, оларға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, амандық пен бақ-береке тіледі.

Айгүл Еркінқызы салтанатты жиында аудан әкімі атынан Ескендір Елеусізовтың иығына шапан жауып, Оралбай Сағындықовқа құттықтау адресін табыс етті.

Бұл күні құрметті қонақтарға арналып мерекелік дастарқан жайылып, концерттік бағдарлама ұсынылды. Бұл маңызы зор кездесу жиынға қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй мен жағымды әсер сыйлады.

- Мен бұл кездесуді асыға күтемін. Өйткені бірге қоян-қолтық талай жыл қызмет еткен замандастарымды көру – бір ғанибет. Қазір зейнетте болған соң, көп шыға бермейсің. Ал бүгін керемет кеш өтіп, жерлестеріммен жүздесіп, әңгімелесіп, өткенді еске алып, бір марқайып қалдым.

Одан қалды өзімнің оқушым, аудандық Мәдениет үйінің әншісі Олжас Жамбылов әріптестерімен бірге тамаша өнер көрсетіп, маған «Ұстазым» әнін арнады. Қуанышымда шек болған жоқ, бәріне дән ризамын, - дейді ардагер ұстаз Бақыт Найманбаева.

Шынында да осындай кездесулер ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, ауданымыздың дамуына елеулі үлес қосқан аға буын өкілдеріне қамқорлық танытып, құрмет көрсету мен көңіл бөлудің маңыздылығын еске салады.

Бүгін қарияларымызды бағалау, оларды ардақтау және құрметтеу - әрбір саналы азаматтың және қоғамның басты міндеті. «Қарты бар үйдің қазынасы бар», - дейді дана халқымыз, ендеше, қарияларын құрметтеуді дәстүрге айналдырған мағжандықтардың жасап жатқан осындай игі шаралары - соның айқын дәлелі. Өйткені олар - біздің өткеніміз бен бүгінімізді жалғап тұрған алтын көпір, өмірлік тәжірибе мен даналықтың қайнар көзі.

Серік ЫСҚАҚОВ,
аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары.

25 ҚАЗАН - ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

АУДАНДА 78 ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Дәстүр бойынша қазанның соңғы жексенбісінде Қазақстанда әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні аталып өтіледі. Биылғы жылы мереке 25 қазанға келеді. Бұл мерекені Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен оның өңірлердегі құрылымдары және әлеуметтік сақтандыру қоры органдарының қызметкерлері атап өтеді. Қазір әлеуметтік қорғау жүйесінде 35 мыңға жуық қызметкер еңбек етеді.

Бұл өмірде қиын жағдайға тап болған азаматтарды қолдаумен және қорғаумен айналысатын адамдарға арналған, олардың рөлінің маңыздылығын және әділ және гуманитарлық қоғам құруға қосқан үлестерін атап өтетін күн.

Бүгінде халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет (бұдан әрі – АӘҚ) көрсететін 35 мың маман жұмыс істейді. Олардың ішінде медицина қызметкерлері, арнайы педагогтар және әлеуметтік қызметкерлер бар. Республика бойынша әлеуметтік қызметкерлер саны 12 704 адамды құрайды, оның 1 251-і үкіметтік емес секторда жұмыс істейді.

Қазақстанда 830-ға жуық мемлекеттік ұйым АӘҚ көрсетеді. Олардың ішінде арнаулы қызмет көрсету орталықтары, күндізгі болу орталықтары, оңалту орталықтары және үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері бар. Сондай-ақ, еліміз бойынша 184 ҮЕҰ арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді.

Мағжан Жұмабаев ауданында 2026 жылдың 1 сәуірінен бастап «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ жанынан «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ жұмыс істейді.

Орталықтың қызметі тұрақты күтімге және ерекше назар аударуға мұқтаж азаматтарға кешенді әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған. Орталықтың құрылымына үйде қызмет көрсететін төрт әлеуметтік көмек бөлімшесі кіреді. Мамандардың жұмысы әр қызмет алушының жеке қажеттіліктерін, оның денсаулығы мен өмірлік жағдайын ескере отырып құрылады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтердің негізгі алушылары егде жастағы азаматтар, жалпы аурудың салдарынан I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар, сондай-ақ психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан адамдар болып табылады. Бүгінгі таңда орталықтың бөлімшелерінде 318 адамға қызмет көрсетіледі. Оның ішінде 292 - егде жастағы азаматтар, 10 - мүгедек адамдар, 8 - мүгедек балалар және 8 - психоневрологиялық аурулары бар көмелетке толған адамдар.

Қызмет алушыларға 78 әлеуметтік қызметкер, оның ішінде мүгедек балалармен және психоневрологиялық аурулары бар көмелетке толған адамдармен жұмыс істейтін мамандар көмек көрсетеді. Әлеуметтік қызметкерлердің қызметі тұрмыстық көмекпен шектелмейді. Белгіленген стандарттарға сәйкес олар арнаулы әлеуметтік қызметтердің сегіз түрін ұсынады: әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-еңбек және әлеуметтік-медициналық.

Бұл адамдарға күнделікті қиындықтарды жеңуге, қажетті қолдауды алуға және мүмкіндігінше әдеттегі өмір салтын сақтауға көмектесетін жан-жақты жұмыс. Егде жастағы азаматтар үшін зейін мен қарым-қатынас ерекше маңызды, ал мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін - уақтылы көмек пен сүйемелдеу.

Бұл жұмыста әлеуметтік қызметкерлер ерекше рөл атқарады. Олар күн сайын төлімгерлердің жанынан табылып, тұрмыстық мәселелерді шешуге көмектеседі. Сондай-ақ көмекке мұқтаж жандардың қажеттіліктеріндегі өзгерістерді бақылап, барлық қажетті қолдауды көрсетеді.

Кәсіби шеберлік, шыдамдылық, сезімталдық және жауапкершілік сапалы әлеуметтік қызмет көрсетудің маңызды бөлігіне айналады.

Орталықтың жұмысы - бұл ең алдымен адамдарға қамқорлық жасау, әр адамға құрмет көрсету және көмекке мұқтаж адамдардың күнделікті өмірін жайлы әрі лайықты етуге ұмтылу.

Шынында да, статистиканың әр санының артында назар аударатын, өзінің қиындықтарымен жалғыз қалмауына қатысатын және қолдау көрсететін сенімді адам тұрады.

Сіздердің еңбектеріңіз еліміздегі әлеуметтік саясатты оңтайлы жүзеге асыруға мүмкіндік беруде. Бұл да адам құқықтары мен қоғамдық тұрақтылықтың сақталуының бір көрінісі. Аталған саланың басты құндылығы – кәсіби деңгейі жоғары, адамгершілік ізгі қасиеттерді бойына сіңіре білген қызметкерлердің көмекке зәру қарттарға, жетімдер мен мүгедектерге қол ұшын созуға әрқашан әзір болуы. Қажырлы еңбектеріңіз, кең жүректеріңіз, өзгенің қайғысына көз жұмып қарай алмайтын адалдықтарыңыз, ақжүректіліктеріңіз үшін сіздерге мың алғыс. Әрқашан аман-сау болып, өздеріңіз жүректерінде сенім отын жаққан жандардың да ғұмыры ұзақ, өмірі шуақты болсын.

Қиын да қажетті мамандық бойынша тер төгіп жүргендіктеріңіз үшін шын көңілден шексіз ризашылығымызды білдіре отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақыт тілейміз. Ел игілігі жолында жаңа табыстарға жете беріңіздер!

Елена УМОВИСТ,
Мағжан жұмабаев ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

«МИСС ЖӘНЕ МИСТЕР ВОЛОНТЕР – 2026»

ЖАС МАҒЖАНДЫҚТАР ОБЛЫСТЫҚ ЕРІКТІЛЕР БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

16 қазан күні Петропавлда «Мисс және Мистер волонтер – 2026» байқауы өтті. Үшінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отырған сайысқа қоғам игілігі үшін еңбек етіп жүрген 15 жас қатысты. Олар өзара бақ сынасып, шығармашылық қабілеті мен азаматтық ұстанымын танытты.



Аталған байқауға Мағжан Жұмабаев ауданының «Жастар ресурстық орталығы» КМҚК екі еріктісі - Дарина Сәрсімбаева және Артем Литвиненко қатысты.

Дарина – Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының оқушысы, ал Артем – Булаев мектеп-бөбекжай кешенінде оқиды. Екі қатысушы да белсенді өмірлік ұстанымын, жауапкершілігін және адамдарға көмектесуге деген шынайы ұмтылысын көрсете отырып, біздің ауданымыздың намысын абыроймен қорғады.

Қазылар алқасы қатысушылардың белсенділігін, өнерін және сахнадағы өзін-өзі ұстауын бағалады.

Байқау қорытындысы бойынша Дарина Сәрсімбаева «Ақ жүрек» номинациясының иегері атанып, 40 000 теңге сомасының сертификатына ие болды. Бұл марапат - оның мейірімділігін, жауаптылығын және еріктілер қозғалысының дамуына қосқан үлесін мойындау болды.

«Мистер Волонтер – 2026» құрметті атағын жеңіп алған Литвиненко Артем ерекше жетістікке қол жеткізіп, оған 120 мың теңгенің ақшалай сертификаты табысталды. Оның бұл жеңісі - біздің аудан үшін маңызды жетістік және еріктілікті дамытуды қолдайтын кез келген адам үшін мақтаныш болды.

Еріктілік тек акциялар мен іс-шараларға қатысу емес. Бұл көмекке келуге, қамқорлық көрсетуге, мұқтаж адамдарға қолдау көрсетуге және өз әрекеттерімен әлемді сәл жақсартуға дайын болу. Бұл жақсылық пен өзара көмек жолын таңдаған жастарды біріктіретін қасиеттер.

Дарина Сәрсімбаева мен Артем Литвиненконың жетістіктері біздің ауданда жауапкершілікті өз мойнына алуға және қоғамның дамуына үлес қосуға дайын белсенді және мақсатты жастардың өсіп келе жатқанын көрсетеді.

Дарина мен Артемді лайықты марапаттарымен құттықтаймыз! Оларға жаңа жетістіктер, сарқылмас қуат, шабыт және барлық игі істерінде табыс тілейміз.

Олардың айтулы жеңісі - басқа жастарды еріктілер қозғалысына қосылуға шабыттандырсын, өйткені тіпті кішкентай игі іс біреудің өмірін жақсы жаққа өзгерте алады.

Мария ГАЛАЙДИНА,
жастар ресурстық орталығының жастар бойынша маманы.

«ЕЛДІ ЗЕРТТЕУ» ЖОБАСЫ

ЕСІЛ АУДАНЫНА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ТАНЫМДЫҚ САПАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



20 қазан күні Мағжан Жұмабаев ауданының тарихи-өлкетану музейінде Қазақстан Республикасының күніне орай «Елді зерттеу» жобасы аясында Есіл ауданына ұйымдастырылған танымдық сапардың қорытындысына арналған кездесу өтті. Оған аудан оқушылары мен ұстаздары қатысты.

Тамыз айында жобаға қатысушылар Есіл ауданының тарихымен, мәдениетімен, табиғи көрікті жерлерімен және тарихи мұрасымен танысу мақсатында қызықты саяхатқа аттанды. Бұл сапар туған өлкенің өткеніне үңіліп, жаңа мәліметтермен танысуға және ұрпақтар сабақтастығын тереңірек сезінуге тамаша мүмкіндік болды.

Кездесу барысында оқушылар мен мұғалімдер сапардан алған әсерлерімен бөлісіп, шығармашылық жұмыстарын таныстырды және саяхаттың жарқын сәттері бейнеленген бейнематериалдарды көрсетті. Әрбір таныстырылым туған өлкеміздің бай тарихының тағы бір жаңа бетін ашты.

Іс-шарада Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімінің тәрбие жұмысы жөніндегі әдіскері Мендібаева Алтынай Мейрашқызы, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Молдабек Мадияр Рахымжанұлы қатысушыларға құттықтау сөздерін арнады.

Музей директоры Серік Тұраруұлы Жұмағұлов кездесуді қорытындылап, тарихи-мәдени мұраны сақтаудың және өскелең ұрпақты туған өлкені танып-білуге баулудың маңыздылығын атап өтті.

Іс-шараға ауданның жеті мектебінің өкілдері қатысты. Ұстаздар мен оқушылардың бірлескен жұмысы патриоттық тәрбие беру, тарихқа құрметпен қарау және туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру жолында білім беру мен мәдениет салаларының күш біріктіруі қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

«Елді зерттеу» — бұл жай ғана саяхат емес. Бұл — өз тамырыңды тануға, туған жердің байлығын ашуға және өз еліңмен мақтану сезімін қалыптастыруға бастайтын жол.

Қазақстан Республикасының күні қарсаңында мұндай бастамалардың маңызы ерекше. Өйткені ұлы Отанға деген сүйіспеншілік туған ауылға, оның тарихы мен халқына деген құрметтен басталады.

Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөліміне, ұстаздарға, оқушыларға және жобаға қатысқан барша азаматтарға ынтымақтастықтары, белсенділіктері мен туған өлке тарихына деген шынайы қызығушылықтары үшін алғыс білдіреміз!

«Елді зерттеу» жобасы тарихтың жаңа беттерін ашып, ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, жастарды туған жері мен еліміздің игілігі жолындағы ізгі істерге шабыттандыра берсін!

Мансия ТҰРЛЫБЕКОВА,
аудандық тарихи-өлкетану музейінің экскурсия жетекшісі.









Жалғасы, басы 5-бетте.

12.	№ 211	Бастомар а., 5 к., 20, мектеп ғимараты	Бастомар а.	Төрайым – Қожамсейітова Бақыт Қалтайқызы; төрайымның орынбасары – Айтпишева Рита Владимировна; комиссия хатшысы – Иванова Евгения Сергеевна; комиссия мүшелері – Рекичинская Надежда Александровна, Свинарева Виктория Владимировна.
13.	№ 212	Возвышен а., Мағжан Жұмабаев к., 34, мәдениет үйінің ғимараты	Возвышен а., Малая Возвышенка а.	Төрайым – Баймұхамбетова Әмина Файзоллақызы; төрайымның орынбасары – Тулапин Алексей Николаевич; комиссия хатшысы – Журавлева Ирина Леонидовна; комиссия мүшелері – Зағыпарова Эльмира Байзолақызы, Плохотнюк Мария Александровна, Шевчук Людмила Викторовна, Шопанова Әлия Рамжанқызы.
14.	№ 214	Золотая Нива а., Новосельская к., 8, медициналық пунктінің үй-жайы	Золотая Нива а.	Төрайым – Журавель Татьяна Васильевна; төрайымның орынбасары – Барибан Виктор Алексеевич; комиссия хатшысы – Кинцель Вера Ивановна; комиссия мүшелері – Журбенко Ирина Васильевна, Лавренко Галина Васильевна.
15.	№ 215	Қарағанды а., Рабочая к., 18 А бос уақытты ұйымдастыру орталығының ғимараты	Қарағанды а.	Төрайым – Ілбесінова Толқын Бейсекқызы; төрайымның орынбасары – Корниенко Тамара Николаевна; комиссия хатшысы – Тимченко Александра Дмитриевна; комиссия мүшелері – Әлпейісова Гүлжанат Бейсенқызы, Назаренко Валентина Сергеевна.
16.	№ 216	Қарақоға а., Николай Жигалов к., 1 мәдениет үйінің ғимараты	Қарақоға а.	Төрайым – Ысқақова Жанар Болатқызы; төрайымның орынбасары – Зиберт Юлия Александровна; комиссия хатшысы – Нұрмағамбетова Динара Жемісқызы; комиссия мүшелері – Ғабдрашитова Жанар Жұмабекқызы, Ельцова Эльмира Радиковна, Қартаева Динара Жанатқызы, Легкая Татьяна Николаевна.
17.	№ 217	Чистое а., Центральная к., 2/2, медициналық пунктінің ғимараты	Чистое а.	Төрайым – Ахметова Алина Айдарханқызы; төрайымның орынбасары – Нагуманова Лариса Федоровна; комиссия хатшысы – Безверхова Татьяна Петровна; комиссия мүшелері – Бақбасаров Серік Рамазанұлы, Лепинская Екатерина Сергеевна.
18.	№ 218	Образец а., Школьная к., 2, «Нұр-Агро 2050» ЖШС тұрғындарының бос уақытын өткізу орталығының ғимараты (келісім бойынша)	Образец а.	Төрайым – Мұхамбетова Әлия Мадиярқызы; төрайымның орынбасары – Сысуева Галина Александровна; комиссия хатшысы – Бөлегенова Динара Ерсайынқызы; комиссия мүшелері – Кокан Светлана Леонидовна, Пиягин Павел Сергеевич.
19.	№ 219	Ноғайбай а., Ноғайбай к., 31, «Ноғайбай» ЖШС тұрғындарының бос уақытын өткізу орталығының ғимараты (келісім бойынша)	Ноғайбай а.	Тораға – Назаров Мұратбек Маратұлы; торағаның орынбасары – Байтұханов Данияр Болатұлы; комиссия хатшысы – Ишанова Айтжамал Жақсылыққызы; комиссия мүшелері – Еламанова Ақтоты Нұрбайқызы, Нәби Қалымбек.
20.	№ 220	Конюхов а., Центральная к., 25, мектеп ғимараты	Конюхов а.	Тораға – Захаров Юрий Владимирович; торағаның орынбасары – Чепуков Виталий Александрович; комиссия хатшысы – Урман Лариса Александровна; комиссия мүшелері – Ельцова Лариса Сафроновна, Золотова Елена Степановна.
21.	№ 221	Куломзино а., 2 к., 20, мектеп ғимараты	Куломзино а.	Тораға – Смолюх Роман Владимирович; торағаның орынбасары – Егорочкина Лариса Александровна; комиссия хатшысы – Савельева Светлана Ивановна; комиссия мүшелері – Корнюшин Александр Иванович, Савельева Галина Анатольевна.
22.	№ 222	Лебяжье а., Коммунистическая к., 8, бос уақытты ұйымдастыру орталығының ғимараты	Лебяжье а.	Төрайым – Неугасимова Ирина Павловна; төрайымның орынбасары – Грязнова Мария Петровна; комиссия хатшысы – Иманбаева Райхан Елдосқызы комиссия мүшелері – Исекова Нұрсұлу Мәкенқызы, Яблонская Жанна Евгеньевна.
23.	№ 223	Құралай а., Орталық к., 29, мектеп ғимараты	Құралай а.	Тораға – Исеков Қанат Мәкенұлы; торағаның орынбасары – Айтқожин Серік Кеңесұлы; комиссия хатшысы – Қаюпова Жұлдыз Сәбитқызы; комиссия мүшелері – Боқбасарова Бибігүл Қапезқызы, Сәрсімов Мейрам Үсейінұлы.
24.	№ 224	Жастар а., Мир к., 3, мектеп ғимараты	Жастар а.	Төрайым – Қасенова Жанар Сәбитқызы; төрайымның орынбасары – Тоқбаев Нұржан Ерболұлы; комиссия хатшысы – Ысмаилова Нұрсұлу Елубайқызы; комиссия мүшелері – Ғазизов Досжан Бауыржанұлы, Ермішева Әсел Хабдоллақызы..
25.	№ 225	Сарытомар а., Клубная к., 2, мәдениет үйінің ғимараты	Сарытомар а.	Төрайым – Нұрмолдина Анар Серкенқызы; төрайымның орынбасары – Нұрахметов Айтмұхамбет Жасұланұлы; комиссия хатшысы – Әбілмәжінова Сәуле Нұрашқызы; комиссия мүшелері – Ажданова Гүлнәр Бәриқызы, Кеңбаев Әбілхан Нұржанұлы
26.	№ 226	Молодогвардейское а., Школьная к., 2, мектеп ғимараты	Молодогвардейское а.	Төрайым – Төлтаева Гүлнәр Сартайқызы; төрайымның орынбасары – Әубәкірова Перизат Амангелдіқызы; комиссия хатшысы – Колесник Галина Богдановна; комиссия мүшелері – Колеушко Татьяна Васильевна, Лисовая Светлана Геннадьевна.
27.	№ 227	Надежка а., Ново-Лесная к., 41, мәдениет үйінің ғимараты	Надежка а.	Төрайым – Голубева Елена Дмитриевна; төрайымның орынбасары – Падалко Валентина Эдмундовна; комиссия хатшысы – Балпышева Сәуле Қалиқызы; комиссия мүшелері – Гапонова Мария Анатольевна, Ершов Иван Николаевич.
28.	№ 229	Еремеевка а., 1 к., 13, мектеп ғимараты	Еремеевка а., Дүйсеке а.	Төрайым – Артюхова Наталья Константиновна; төрайымның орынбасары – Аккерман Нина Алексеевна; комиссия хатшысы – Маренкова Любовь Николаевна; комиссия мүшелері – Андамасова Жібек Серіккызы, Крыжановская Людмила Викторовна.
29.	№ 230	Бинаш а., 2 к., 27, мектеп ғимараты	Бинаш а.	Төрайым – Жексембина Әлия Амантайқызы; төрайымның орынбасары – Үкенова Роза Жұмабекқызы; комиссия хатшысы – Шәкірова Үмітжан Әскербекқызы; комиссия мүшелері – Сембина Айгүл Ғаббасқызы, Темірбеков Айдарбек Жұмабайұлы.
30.	№ 231	Гаврин а., Центральная к., 14, бұрынғы мектеп ғимараты	Гаврин а.	Төрайым – Безрукова Наталья Александровна; төрайымның орынбасары – Генер Елена Валерьевна; комиссия хатшысы – Лисина Галина Егоровна; комиссия мүшелері – Нефедова Галина Трофимовна, Чикунова Марина Анатольевна.

31.	№ 232	Октябрьское а., 2 к., 4, мектеп ғимараты	Октябрьское а., Суворовка а., Заросло а.	Төрайым – Ганина Ольга Михайловна; төрайымның орынбасары – Морозова Марина Анатольевна; комиссия хатшысы – Өскенова Ақтолқын Ережепқызы; комиссия мүшелері – Пустакина Светлана Николаевна, Учелкина Надежда Семёновна.
32.	№ 233	Хлебороб а., 3 к., 1, мектеп ғимараты	Хлебороб а.	Төрайым – Сағдеева Тұрсын Жексембайқызы; төрайымның орынбасары – Дүйсикеев Ренат Ермекұлы; комиссия хатшысы – Мусина Римма Қалижанқызы; комиссия мүшелері – Зубрий Екатерина Васильевна, Шежрина Айсұлу Мағауяқызы.
33.	№ 234	Писаревка а., 4 к., 29, мектеп ғимараты	Писаревка а.	Төраға – Степанов Александр Владимирович; төрағаның орынбасары – Федорова Наталья Викторовна; комиссия хатшысы – Ысқақова Гүлжан Бахытжанқызы; комиссия мүшелері – Илгунова Елена Винцисовна, Ысқақов Нұртай Сарбайұлы.
34.	№ 235	Веселовка а., 3 к., 10, медициналық пунктінің ғимараты	Веселовка а.	Төрайым – Бабёнышева Светлана Анатольевна; төрайымның орынбасары – Зацепина Алена Романовна; комиссия хатшысы – Черкашина Татьяна Борисовна; комиссия мүшелері – Деулина Оксана Сергеевна, Подолей Марина Павловна.
35.	№ 236	Полудин а., Абай Құнанбаев к., 59, мәдениет үйінің ғимараты	Полудин а.	Төраға – Әбілев Нұртілек Асқарұлы; төрағаның орынбасары – Ильяшенко Сергей Николаевич; комиссия хатшысы – Вобликова Евгения Юрьевна; комиссия мүшелері – Бугреева Ирина Александровна, Немуха Оксана Васильевна.
36.	№ 238	Ганькин а., Тәуелсіздік к., 6, мектеп ғимараты	Ганькин а., Ганькино ст.	Төрайым – Долгушева Гүлжан Айдоллақызы; төрайымның орынбасары – Богданова Ирина Павловна; комиссия хатшысы – Фургалова Анна Александровна; комиссия мүшелері – Завалко Оксана Геннадьевна, Яковлева Анна Михайловна.
37.	№ 240	Совет а., Дубинина к., 2, мәдениет үйінің ғимараты	Советское а.	Төраға – Қанышев Ахметхан Нұрғалиұлы; төрағаның орынбасары – Бешімов Сайран Нұрланұлы; комиссия хатшысы – Мангура Алсу Ханифовна; комиссия мүшелері – Рузанова Наталья Тимофеевна, Шарапова Светлана Геннадьевна.
38.	№ 241	Придорожное а., Лесная к., 2, медициналық пунктінің ғимараты	Придорожное а.	Төрайым – Сыздықова Роза Айдарбекқызы; төрайымның орынбасары – Ахматзянов Хамит Ханифович; комиссия хатшысы – Кизикова Ольга Юрьевна; комиссия мүшелері – Галанова Марина Валерьевна, Троян Ольга Алексеевна.
39.	№ 242	Майбалық а., Степная к., 10А, мектеп ғимараты	Майбалық а.	Төрайым – Степанова Радмила Валерьевна; төрайымның орынбасары – Төлеева Қаншайым Әбдіхамитқызы; комиссия хатшысы – Жетпісова Сана Тоқтарбайқызы; комиссия мүшелері – Нашкенова Айман Нұрланқызы, Степанова Оксана Валерьевна.
40.	№ 243	Таман а., Школьная к., 21, мектеп ғимараты	Таманское а.	Төраға – Драмарецкий Дмитрий Павлович; төрағаның орынбасары – Кирницкая Валентина Николаевна; комиссия хатшысы – Жағыпарова Балшекер Есімсейітқызы; комиссия мүшелері – Жалнина Наталья Николаевна, Коваленко Галина Нифодиевна.
41.	№ 244	Пулеметовка а., Центральная к., 28, мектеп ғимараты	Пулеметовка а.	Төрайым – Гуляева Ольга Михайловна; төрайымның орынбасары – Баймұхамбетова Жанна Амангелдіқызы; комиссия хатшысы – Ілиясова Галина Сәбитқызы; комиссия мүшелері – Маркаускене Светлана Александровна, Первикова Татьяна Владимировна.
42.	№ 245	Ұзынкөл а., 10 к., 1, мәдениет үйінің ғимараты	Ұзынкөл а.	Төраға – Тумрау Александр Васильевич; төрағаның орынбасары – Нұрмағамбетов Нұрлан Шәмілұлы; комиссия хатшысы – Розенбах Маржангүл Сарманқызы; комиссия мүшелері – Кине Надежда Николаевна, Пилюгина Надежда Андреевна.
43.	№ 246	Шандақ а., 3 к., 6, медициналық пунктінің ғимараты	Шандақ а.	Төраға – Тумрау Алексей Вячеславович; төрағаның орынбасары – Грибашов Илья Викторович; комиссия хатшысы – Рахимжанова Виктория Валерьевна; комиссия мүшелері – Верещак Татьяна Николаевна, Гольянова Наталья Валерьевна.
44.	№ 247	Қоскөл а. 2 к., 8, «Рика KZ» ЖШС ғимараты (келісім бойынша)	Қоскөл а.	Төрайым – Өмірханова Зарина Имансалықызы; төрайымның орынбасары – Журавлев Эдуард Қанатович; комиссия хатшысы – Борисенко Надежда Зеноновна; комиссия мүшелері – Аюпов Ринат Шарпаұлы, Юдина Виктория Юрьевна.
45.	№ 248	Успенка а., Садовая к., 26, мәдениет үйінің ғимараты	Успенка а.	Төрайым – Абабаева Гүлнәр Елтайқызы; төрайымның орынбасары – Құлышев Уазихан Бүркітұлы; комиссия хатшысы – Кулагина Дарья Леонидовна; комиссия мүшелері – Бекиш Наталья Николаевна, Журбенко Дмитрий Юрьевич.
46.	№ 250	Сулышоқ а., 1 к., 23, мектеп ғимараты	Сулышоқ а., Уваковское а., Қоскөл а.	Төраға – Шегебаев Дархан Маратұлы; төрағаның орынбасары – Қазенова Мәриям; комиссия хатшысы – Ысқақова Гаухар Серікқызы; комиссия мүшелері – Жанбөтенов Тоқтамыш Жиеналыұлы, Сәлімбаева Сұлушаш Уәлиханқызы.
47.	№ 252	Бәйтерек а., Молодежная к., 16, мектеп ғимараты	Бәйтерек а., Рявкино а.	Төраға – Родимов Валерий Николаевич; төрағаның орынбасары – Байманов Арғын Сәрсенбайұлы; комиссия хатшысы – Червонюк Евгения Васильевна; комиссия мүшелері – Захарова Валентина Ивановна, Попова Наталья Николаевна.
48.	№ 253	Береке а., 1 к., 14, медициналық пунктінің ғимараты	Береке а.	Төрайым – Расқұлова Ғалия Смайылқызы; төрайымның орынбасары – Вейс Тамара Николаевна; комиссия хатшысы – Расқұлова Меруерт Бауыржанқызы; комиссия мүшелері – Байқуанышев Самат Беркінұлы, Нашкенова Шолпан Исатайқызы.
49.	№ 254	Новотроицкое а., Центральная к., 34, мектеп ғимараты	Новотроицкое а.	Төраға – Бородихин Борис Дмитриевич; Төрағаның орынбасары – Богомолова Инна Витальевна; комиссия хатшысы – Бравлик Елена Валерьевна; комиссия мүшелері – Мысько Людмила Борисовна, Савченко Ирина Викторовна.
50.	№ 255	Пролетарка а., 2 к., 1, мектеп ғимараты	Пролетарка а.	Төраға – Жақыпов Сәбит Оралұлы; төрағаның орынбасары – Әбілғазина Жадыра Ағыбайқызы; комиссия хатшысы – Лукашенко Оксана Владимировна; комиссия мүшелері – Гричко Радион Николаевич, Лило Светлана Васильевна.
51.	№ 256	Чистовское а., Школьная к., 1, мектеп ғимараты	Чистовское а., Урожайное а.	Төраға – Агапов Евгений Александрович; төрағаның орынбасары – Самарцева Елена Валерьевна; комиссия хатшысы – Бахмат Светлана Анатольевна; комиссия мүшелері – Жақсымбетова Сәуле Төлеуқызы, Қазиева Сәуле Қайбаққызы.
52.	№ 257	Тищенко а., 2 к., 1, бос уақытты ұйымдастыру орталығының ғимараты	Тищенко а., Украинка а.	Төрайым – Тасымова Әсия Мүбәракқызы; төрайымның орынбасары – Романова Снежана Сергеевна; комиссия хатшысы – Серебриян Ирина Владимировна; комиссия мүшелері – Агеев Юрий Евгеньевич, Ромазанова Анжелика Викторовна.

МЕДВЕЖКА ОРТА МЕКТЕБІНЕ - 165 ЖЫЛ

МЕДВЕЖКА ОРТА МЕКТЕБІНІҢ МЕРЕЙТОЙЫ









Медвежка орта мектебіне биыл 165 жыл толды. Осыған орай, аудандық Мәдениет үйінде «Ұрпақтар энергиясы 1.6.5.» атты салтанатты жиын өтіп, оған аудан әкімінің орынбасары Айгүл Мұқанова, білім бөлімінің басшысы Талғат Қарабаев, мектеп директорларының корпусы, ата-аналар, мектеп ұстаздары мен оқушылары қатысты.

Мектептің 165 жылдық мерейтойы – бұл тек өткенді еске алу ғана емес, бүгінгі жетістіктерді саралап, болашаққа бағдар түзейтін маңызды кезең. Осы уақыт аралығында мектеп ұжымы сапалы білім мен саналы тәрбие беруде үздік дәстүрлерін сақтай отырып, заман талабына сай жаңашыл бағытта дамып келеді.

165 жылдық мерейтой – ұстаздар мен шәкірттердің, түлектер мен ата-аналардың ортақ қуанышы. Бұл айтулы дата білім ордасының мерейін асырып, оның абыройын одан әрі биіктете түсетіні сөзсіз.

Мектеп тарихына тоқталар болсақ, 1861 жылы шіркеу жанындағы мектеп болып ашылған екен. 1917 жылғы төңкерістен кейін ауылда бастауыш мектеп жұмыс істей бастайды, ал отызыншы жылдары төрт сыныптың орнына балалар жеті жылдық мектепте білім алған. 1970 жылы желтоқсанда ауылда жаңа екі қабатты мектеп ғимараты салынса, 1991 жылы мекеме орта мектеп мәртебесін алады.

Іс-шара алдында жиналғандар үшін LED-экраннан Медвежка орта мектебінің бай шежіресі көрсетіліп, көрермен әр кезеңнен мол мағлұмат ала алды. Мәселен, математика және информатика пәндерінің мұғалімі Жүнісбаев Уәлихан Сейілханұлы ауыл тұрғындары мен әріптестерінен жиналған фотосуреттерге сүйене отырып, керемет бейнефильм жасаған екен. Жалпы мектеп ұжымы мерекеге жақсы дайындалып, өзінің оқу орны мен туған ауылына деген сүйіспеншілікпен біріктірілген біртұтас, үйлесімді команда ретінде өнер көрсетті. Осының арқасында залда керемет жылы және жанды атмосфера орнады.

Сахна төрінен құттықтау сөз сөйлеген аудан әкімінің орынбасары Айгүл Мұқанова мен білім бөлімінің басшысы Талғат Қарабаев қарт білім ордасының бай тарихына, бүгінгі жеткен жетістіктеріне тоқталып, бұрынғы және қазіргі ұстаздар қауымына зор алғыстарын білдірді.

Содан соң марапаттау рәсіміне кезек келіп, мектептің үздік мұғалімдері облыстық білім басқармасының, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің, «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» акционерлік қоғамының «Солтүстік Қазақстан облысы бойынша кәсіптік даму институты» филиалының, аудан әкімінің грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Сондай-ақ ауданның мектеп директорлары атынан Фурманов орта мектебінің директоры болған Сәуле Зейнішқызы Темірханова, Геннадий Николаевич Усань, Ирина Анатольевна Руднева, Екатерина Васильевна Мерцалова, Ольга Васильевна Бабайко, білім беру үздігі Әлия Қаспарқызы Көшербаева, Амина Кәрімқызы Есембекова, Жәмиле Садуқызы Досова және тағы да басқа ұлағатты ұстаздардың есімдері аталып, көп жылғы сіңірген еңбектері паш етілді.

Мерейлі кеште мектептен түлеп ұшқан аяулы түлектерге де сөз беріліп, 1961 жылғы түлек Галина Шабашихина және мемлекеттік тілде білім алған алғашқы сыныптардың түлегі Елнұр Нұрмұқанов шынайы тілектерін жеткізді.

LED-экранда жанып тұрған «Мектеп шежіресі» атты кітабы бұл күнгі салтанатты жиынның сәнін келтірсе, «Ұрпақтар энергиясы» атты атау - іс-шара мәнін білдіріп тұрды.

Бұл күні Медвежка орта мектебінің бірінші сынып оқушыларына да құрмет көрсетіліп, сахна төріне көтерілген құрметті меймандар мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге галстук тағып, оқуда сәттілік тіледі. Өз кезегінде 1-ші сынып оқушылар салтанатты түрде ант қабылдап, өнерлерімен жұртшылықты тәнті етті.

Уақыт керуені алға жылжып, мектеп бітіруші түлектер үлкен өмірге аттанса, олардың орнын жас, жаңа буын басуда. Бір ұрпақ кетіп, жаңа ұрпақ келсе де, тарих сабақтастығы ешқашан үзілмейді. Осы қара шаңырақта білім алған әрбір жан мектеп шежіресінде өзіндік өшпес қолтаңбасы мен жарқын ізін қалдырады. Бүгін осы үзілмес уақыт байланысы барлығын бір шаңырақ астына тоғыстырып отыр.

Одан әрі кеш концерттік бағдарламамен ұласып, сахнада мектеп оқушылары, ұстаздар мен ата-аналар өнер көрсетіп, жиналған қауымға естен кетпес әсер сыйлады.

СПОРТ

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ СПОРТТЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Мағжан Жұмабаев ауданының спортшылары облыстық жарыстарда туған өлкеміздің намысын абыроймен қорғап, күш-жігерін, шеберлігін және жеңіске деген ұмтылысын көрсетіп келеді!

3х3 баскетболдан қола жүлде

Мағжан Жұмабаев ауданының құрамасы 3х3 баскетболдан өткен «Мұғалім - 2026» облыстық спартакиадасының қола жүлдегері атанды!

Бұл нәтиже - командалық рухтың, табандылықтың және ойыншылардың үйлесімді ойынының жемісі.

Қазақ күресінен облыстық турнир

Айыртау ауданы Саумалкөл ауылында Жанат Кеншінбайұлы Рахимовты еске алуға арналған 2009-2010 жылдары туған жасөспірімдер арасында қазақ күресінен облыстық ашық турнир өтті.

Жарысқа Көкшетау, Зеренді ауданы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Шал ақын ауданы, Петропавл және Айыртау ауданынан 80-ге жуық жас балуан қатысып, үш мағжандық жас спортшы қола жүлдегер атанды:

• Қалдыров Жарас • Темірғалиев Рахим • Нұрболұлы Мұстафа

«Жас Палуан» облыстық лигасы

Грек-рим күресінен өткен «Жас Палуан» облыстық лигасында ауданымыздың жас спортшылары жоғары нәтиже көрсетті.





1-ші орын - 16 спортшы:

Болат Бекнұр, Ходоковский Сергей, Мақашев Алдияр, Плаксин Никита, Қасымов Фархат, Кобзарь Никита, Кеншінбаев Руслан, Сансызбай Рауан, Ткаченко Александр, Қуандық Жантуар, Садықов Тимур, Ткаченко Олег, Дүйсебек Алдияр, Аманжол Алмат, Аманжол Алдияр, Кобзарь Вадим.

2-ші орын - 8 спортшы:

Габдрашитов Самир, Тұрсынов Мансұр, Садықов Ильдар, Хабибуллин Тимур, Плаксин Данил, Ғабдулуахан Әлихан, Кондратьев Анатолий, Роговой Павел.

3-ші орын - 11 спортшы:

Кеншінбаев Ринат, Дәулет Айсұлтан, Азатұлы Айбар, Бөкелаев Тимур, Темірбеков Мирас, Дүйсебек Ислам, Сабыржан Азат, Садықов Әмірхан, Кондратьев Виктор, Сүлейменов Наиль, Зябликов Вадим.

Барлық спортшылар мен олардың жаттықтырушыларын қол жеткізген жетістіктерімен құттықтаймыз! Сіздерге зор денсаулық, табандылық, жаңа рекордтар мен жарқын жеңістер тілейміз!

Жерлестерімізді мақтан тұтамыз және алдағы спорттық жарыстарда толағай табыстарға жетулеріне тілектеспіз!

Мағжан Жұмабаев ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі.











QAZAQSTAN

Дүйсенбі, 26 қазан	Сейсенбі, 27 қазан	Сәрсенбі, 28 қазан	Бейсенбі, 29 қазан	Жұма, 30 қазан	Сенбі, 31 қазан	Жексенбі, 1 қараша
05.30 ӘҢҒҰРАН. 05.35 «ҮСТІРТ ИЕСІ». Д/Ф. 06.05, 03.40 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 07.00 «TAŃSHOLPAN». 09.00, 13.45 МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ. 09.05 КОНЦЕРТ. 10.00, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.00, 01.35 «VOICE OF TURAN». 13.50 «АПТА». 14.30 «АҚОРДА». 14.50 «ТОМИРИС». Х/Ф. 17.40 «РЕФОРМАЛАР УАҚЫТЫ». 20.00, 00.25 АҚПАРАТ. 20.30 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ!». 21.25 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ». 22.25 КӨРКЕМ ФИЛЬМ. 00.55 «ЕГЕМЕНДІК ФЕНОМЕНІ». Д/Ф. 03.15 «АҚСАУЫТ». 04.20 «ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС». 04.45 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ».	05.30 ӘҢҒҰРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 14.55, 02.25 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 07.00 «TAŃSHOLPAN». 09.00 Т/Х ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 23.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10, 01.35 Т/Х «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ». 14.15, 03.35 Д/Ф. 15.55, 04.45 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 17.20, 00.40 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30, 04.00 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ». 22.25 Т/Х «ҚАУІП ШЕГІНДЕ». 03.15 АҚСАУЫТ.	05.30 ӘҢҒҰРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 14.55, 02.25 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 07.00 «TAŃSHOLPAN». 09.00 Т/Х ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 23.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10, 01.35 Т/Х «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ». 14.15, 03.20 QAZAQ CREATIVE. 14.45 SUPERSTAR KZ. 14.50 «РОЗА РЫМБАЕВА. 50 ЖЫЛ САХНАДА». 15.55, 04.45 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 17.20, 00.40 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30, 04.00 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ». 22.25 Т/Х «ҚАУІП ШЕГІНДЕ». 03.45 ЗАҢ АЛДЫНДА.	05.30 ӘҢҒҰРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 14.55, 02.30 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 07.00 «TAŃSHOLPAN». 09.00 Т/Х ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 23.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10, 01.35 Т/Х «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ». 14.15, 03.25 ТАЗА САНА. 15.55, 04.45 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 17.20, 00.40 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.25, 00.35 АҚША ӘЛІППЕСІ. 20.30, 03.55 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ». 22.25 Т/Х «ҚАУІП ШЕГІНДЕ».	05.30 ӘҢҒҰРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.45 АҚПАРАТ. 06.00 АҚША ӘЛІППЕСІ. 06.05, 15.20, 02.50 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 07.00 «TAŃSHOLPAN». 09.00 Т/Х ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 23.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10, 02.05 Т/Х «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ». 14.15, 04.25 ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС. 14.45 Д/Ф. 15.15 SUPERSTAR KZ. 15.55, 04.50 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 17.20, 01.15 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30, 03.40 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ». 22.25 Т/Х «ҚАУІП ШЕГІНДЕ». 00.10 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.	05.30 ӘҢҒҰРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 06.05, 03.15 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ». 08.00, 01.30 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.00, 04.45 «ІЗГІЛІК ФОРМУЛАСЫ». 12.20, 20.00 «SUPERSTAR KZ». 14.50 М/Ф «САҚШЫ АРЫСТАН». 15.30 «АУЫЛ САҚШЫСЫ». Х/Ф. 17.30, 01.00 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 17.45, 01.15 ҚҰРЫЛТАЙ. 22.30 «ҚАЙТПАС ҚАЙСАРЛАР-3». Х/Ф. 02.20 «ТҰЛҒА». Д/Ф. 02.50 «БІР ЕЛДІҢ ПЕРЗЕНТТЕРІ». 05.00 «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ».	05.30 ӘҢҒҰРАН. 05.35 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 05.50, 03.25 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ». 07.15 «АУЫЛ САҚШЫСЫ». Х/Ф. 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.00, 03.00 ЖАСАМПАЗ ҰЛТ. 12.25 «SUPERSTAR KZ». 14.55 М/Ф «САҚШЫ АРЫСТАН». 15.55 Ж. ЖЕКСЕНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘН КЕШІ. 17.40, 02.40 АҚОРДА. 20.00, 02.00 АПТА. 20.40 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ». 22.30 «СӘЛЕМ САҒАН, ТУҒАН ЕЛ!». 23.30 «ҚАЙТПАС ҚАЙСАРЛАР 3». Х/Ф. 04.50 «БІР ЕЛДІҢ ПЕРЗЕНТТЕРІ». 05.05 «ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС».

ХАБАР

Дүйсенбі, 26 қазан	Сейсенбі, 27 қазан	Сәрсенбі, 28 қазан	Бейсенбі, 29 қазан	Жұма, 30 қазан	Сенбі, 31 қазан	Жексенбі, 1 қараша
05.00, 13.30 Т/Х «РАУЗА». 06.00 САЯТ МЕДЕУОВ. 08.00 М/Ф. 09.15 М/Ф «БЕЛКА И СТРЕЛКА. ТАЙНЫ КОСМОСА». 10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 11.00 «ЖАҚСЫЛЫҚ». Х/Ф. 13.00 «ДЕМОГРАФИЯ РОСТА». Д/Ф. 14.15, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 15.15 Д. ТАҢАТАРОВ. 16.45 «ҰЛЫ ДАЛА ТАҢЫ». Х/Ф. 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 23.00 «АУЫЛБАЙСКИЙ УЧАСТКОВЫЙ». Х/Ф. 00.45 Т/С «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 02.00 ҚР ӘҢҰРАНЫ.	05.00, 13.30 Т//Х «РАУЗА». 06.00 ДОСЫМЖАН ТАҢАТАРОВ. 08.00 ОЯН. 10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 12.00 ОЙНАЙҚ. 13.00 ӨЗЕКТІ. 14.15, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 15.15, 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 16.00 «АУЫЛБАЙСКИЙ УЧАСТКОВЫЙ». Х/Ф. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 23.00 ӘЗІЛ БӘЙГЕ. 00.10 Т/Х «ЛОВУШКА». 01.10 Т/С «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 02.00 ҚР ӘҢҰРАНЫ.	05.00, 13.30 Т//Х «РАУЗА». 06.00 ТОҚТАР МЕН БЕЙБІТТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ. 08.00 ОЯН. 10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 12.00 ОЙНАЙҚ. 13.00 БАЛАМ ҮШІН. 14.15, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 15.15, 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 16.20 «ВОРИШКИ». Х/Ф. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 23.00 ӘЗІЛ БӘЙГЕ. 00.10 Т/Х «ЛОВУШКА». 01.10 Т/С «ДЕВОЧКИ МОИ». 02.00 ҚР ӘҢҰРАНЫ.	05.00, 13.30 Т//Х «РАУЗА». 06.00 БАҒЫМ МУХИТДИНОВА. 08.00 ОЯН. 10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 12.00 ОЙНАЙҚ. 13.00 ӨЗЕКТІ. 14.15, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 15.15, 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 16.20 «ВАКЦИНА ОТ КОРРУПЦИИ». Х/Ф. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 23.00 ӘЗІЛ БӘЙГЕ. 00.10 Т/Х «ЛОВУШКА». 01.10 Т/С «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 02.00 ҚР ӘҢҰРАНЫ.	05.00, 13.30 Т//Х «РАУЗА». 06.00 АҚБОТА КЕРІМБЕКОВАНЫҢ ӘН КЕШІ. 08.00 ОЯН. 10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 12.00 ОЙНАЙҚ. 13.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 14.15, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 15.15, 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 16.15 Х/Ф. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 23.00 КЕШКЕС. 00.10 Т/Х «ЛОВУШКА». 01.10 Т/С «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 02.00 ҚР ӘҢҰРАНЫ.	05.00, 12.20 COVER SHOW. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 АЗАМАТ. 10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 11.00 М/Ф. 13.00, 23.00 «РОБОКОП», Х/Ф. 15.00 ЖЕКПЕ-ЖЕК АЙТЫС. 16.30 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 19.00 ТОП-ТАРТЫС. 22.00 7 КҮН. 22.40 ЖҰМЫР ЖЕР. 01.00 Т/С «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 02.00 ҚР ӘҢҰРАНЫ.	05.00 COVER SHOW. 06.00, 19.00 КОНЦЕРТ. 09.30 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 11.00 М/Ф. 12.00 ӨМІР ӨРНЕГІ. 13.00 «ТОЙХАНА», Х/Ф. 14.30, 23.00 «РОБОКОП-2», Х/Ф. 16.30 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 22.00 7 КҮН. 22.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ НОВОСТИ. 23.00 «РОБОКОП-2», Х/Ф. 01.00 Т/С «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 02.00 ҚР ӘҢҰРАНЫ.

ЕВРАЗИЯ

Дүйсенбі, 26 қазан	Сейсенбі, 27 қазан	Сәрсенбі, 28 қазан	Бейсенбі, 29 қазан	Жұма, 30 қазан	Сенбі, 31 қазан	Жексенбі, 1 қараша
06.00 Т/С «МОЯ РОДНАЯ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МУЗЫКАЛЫҚ ТАЛАНТТАР ШОУЫ. 13.25 Д/Ф. 13.55 «ҰЗАҚ ЖАСАҒАНДАР СЫРЫ». Д/Ф. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.10 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00, 01.25 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЯТЬ МИНУТ ТИШИНЫ. ВОЗВРАЩЕНИЕ». 01.55 Т/С «ПОДКИДЫШ». 04.15 «П@YTINA».	06.00 Т/С «МОЯ РОДНАЯ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 13.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.20 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE . 18.30, 02.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.10 KÖREMIZ- ШОУ. 20.00, 01.25 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЯТЬ МИНУТ ТИШИНЫ. ВОЗВРАЩЕНИЕ». 01.55 Т/С «ПОДКИДЫШ». 04.15 «П@YTINA».	06.00 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА». 06.55 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 13.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.20 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE . 18.30, 02.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.10 KÖREMIZ- ШОУ. 20.00, 01.25 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЯТЬ МИНУТ ТИШИНЫ. ВОЗВРАЩЕНИЕ». 01.55 Т/С «ПОДКИДЫШ». 04.15 «П@YTINA».	06.00 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА». 06.50 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 13.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.20 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE . 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.55 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ҚҰРЫЛТАЙ ОНЛАЙН». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.30 Т/С «Я ИДУ ТЕБЯ ИСКАТЬ-6». 03.40 ҚАЙМАҚ. 04.15 «П@YTINA».	06.00, 03.15 ҚАЙМАҚ. 08.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 08.45 ҚҰРЫЛТАЙ ОНЛАЙН. 09.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». 11.25 ПОЛЕ ЧУДЕС. 13.05 «ТАНГО ДЛЯ ОДНОЙ». Х/Ф. 17.35 ТОЧЬ-В -ТОЧЬ. 20.00 BASTY PRIME. 20.50 «СЧАСТЬЕ НА РЫБЬЕМ МЕХУ». Х/Ф. 01.25 «ГАГАРИН. ПЕРВЫЙ В КОСМОСЕ». 04.15 «П@YTINA».	06.00, 02.25 ҚАЙМАҚ. 07.45 «BASTYPRIME». 08.45 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». 10.50 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 12.25 «СЧАСТЬЕ НА РЫБЬЕМ МЕХУ». 17.20 «ЗЕМЛЯ ЭЛЬЗЫ». Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 «ПРИВИВКА ОТ ЛЖИ». Х/Ф. 01.25 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?». 03.30 «П@YTINA».

Адам өмірде үш нәрседен қателеспеу керек: бірінші — мамандық таңдаудан, екінші — жар таңдаудан, үшінші — орта таңдаудан.

Ақылды адам алғыс айтудан ауырсынбайды.










АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

КАДАСТРЛЫҚ ЦИФРЛЫҚ СЕРВИСТЕР ЖАҢА КООРДИНАТТАР ЖҮЙЕСІНЕ КӨШЕДІ



Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры жаңа мемлекеттік координаттар жүйесі QazTRF-23-ке көшеді. Сол себепті демалыс және мереке күндері, 2026 жылғы 23 қазан сағат 19:00-ден 27 қазан сағат 00:00-ге дейін ЖМБМК мен Жария кадастрлық картасында техникалық жұмыстар жүргізіледі.

Технологиялар дамыған сайын координаттарды анықтау тәсілдері де жаңаруды қажет етеді. Бұрын координаттар спутниктік технологиялар пайда болмай тұрып жасалған әдістермен анықталса, бүгінде заманауи технологиялар бұл жұмысты дәлірек орындауға мүмкіндік береді. Жаңа координаттар жүйесіне көшу – әлемдік тәжірибе және Қазақстан да осы бағытта жұмыс жүргізіп жатыр. Осыған байланысты мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі кеңістіктік деректер, цифрлық карталар мен сервистер жаңа координаттар жүйесіне көшіріледі.

QazTRF-23 – ескірген геодезиялық жүйелердің орнына іске қосылған заманауи әрі ашық мемлекеттік координаттар жүйесі. Оның көмегімен Қазақстан аумағындағы жер учаскесінің, ғимараттың, жолдың немесе басқа да обьектінің орналасқан жері анықталады.

Аталған күндер аралығында жер кадастрына, жылжымайтын мүлікті техникалық тексеруге және жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуге қатысты мемлекеттік қызметтерге өтініш қабылданбайтынын ескерген жөн. Бұл ретте, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу саласындағы электрондық анықтамаларды цифрлық сервистер арқылы алу мүмкіндігі сақталады.

Алдағы өзгерістерге байланысты «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы азаматтар мен ұйымдарға қажетті мемлекеттік қызметтерді алуды алдын ала жоспарлауды ұсынады. Техникалық жұмыстар аяқталғаннан кейін цифрлық сервистер әдеттегі тәртіпте жұмысын жалғастырады.

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ баспасөз қызметі.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Газета «Вести» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Мағжан Жұмабаев ауданының «Magjan juldyzy» және «Вести» газеттерінің (бұдан әрі - Газеттер) меншік иесі Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт материалдарын орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы хабардар етеді.

ГАЗЕТТЕРДІҢ БАСПА АЛАҢДАРЫН БЕРУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

Газеттердің баспа алаңын беруі Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттығына тіркелген кандидаттарға баспа үгіт материалдарын орналастыруға баспа алаңын беру туралы Серіктестікпен (Газеттердің меншік иесімен) жасалған жазбаша шарт негізінде жүзеге асырылады.

Шарттың нысаны және оған ілеспе құжаттар жазбаша өтініш берген кезде ұсынылады. Кандидаттың (сенім білдірілген адамның) Газеттермен баспа алаңдарын беру туралы шартқа қол қоюы кандидаттың (сенім білдірілген адамның) Газеттерден сайлау алдындағы үгітті жүргізуге байланысты қызметтерді қабылдауға келісімі болып табылады.

Мұндай шартты жасасу үшін кандидат Газет иесіне мынадай ақпаратты көрсете отырып жазбаша өтініш береді:

- жазбаша өтініштің тіркеу нөмірі, күні және уақыты;
- жазбаша өтініш берген кандидаттың Т.А.Ә., сенім білдірілген тұлғаның Т.А.Ә.;
- адамның жазбаша өтініш беруге өкілеттігін растайтын құжат; - кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) жеке куәлігі, уәкілетті мемлекеттік орган берген кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) куәлігі, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де құжат;
- баспа алаңының жоспарланған көлемін және оны беру уақытын, үгіттік баспа материалдарының түрін көрсете отырып, жазбаша өтініштің мазмұны;
- кандидаттың не сенім білдірілген адамның қолы.

Жазбаша өтініштерді Газеттер жарияланғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын қабылдайды.

Жарияланымдарда олардың төлемі, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның тегі туралы мәліметтер болуға тиіс.

БАСПА АЛАҢДАРЫН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

Газеттердің баспа алаңын бергені үшін төлем мөлшері Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарға баспа алаңын беруге арналған прайс-бетке сәйкес айқындалады және 1 (бір) шаршы метр үшін 180.00 (бір жүз сексен) теңгені құрайды.

Баспа алаңдарын бергені үшін төлем сомасы тиісті сайлау қорымен алдын ала жүз пайыз төлем тәртібімен аударылуға тиіс. Алдын ала төлем Серіктестік қойған шот негізінде осындай шот берілген күннен бастап 3 (үш) операциялық күн ішінде жүзеге асырылады.

Төлем серіктестіктің тиісті шартта көрсетілген банктік деректемелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Н. ГОНЧАР,
«Газета «Вести» ЖШС директоры.

АҢШЫЛАР НАЗАРЫНА!



1 ҚАРАШАДА ҚЫСҚЫ АҢ АУЛАУ МАУСЫМЫ АШЫЛАДЫ

Солтүстік Қазақстан облыстық аңшылар мен балықшылар қоғамы 2026 жылдың 1 қарашасынан бастап облыстық аңшылық қоғамына бекітілген аңшылық алқаптарында қоян, түлкі, қарсақ аулауға арналған қысқы аң аулау маусымының ашылатыны және ол 2027 жылғы 15 ақпанға дейін жалғасатыны туралы хабарлайды.

«Булаев» аңшылық шаруашылығына аңшылық жолдамаларды 27 қазаннан бастап аңшылық қоғамының кеңсесінен сатып алуға болады. Сондай-ақ, сібір елігін аулауға да лицензиялар бар. Рұқсат құжаттарынсыз аң аулауға тыйым салынғанын еске саламыз! Қазақстан Республикасында аң аулау ережелерін бұзбаңыз, аң аулау жолдамаларын сатып алыңыз. Анықтама телефоны: 8-777-326-59-71.

В. ПУТИЛИН,
шаруашылықтың аға аңшысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ОРГАНДАРЫ КӨРСЕТЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

2020 жылғы қазанда және 2021 жылғы сәуірде Мемлекеттік қызмет тізіліміне өзгерістер енгізілді, атап айтқанда тізілімнен 9 мемлекеттік қызмет алынды, соның бірі ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті көрсететін мемлекеттік қызмет - «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру» анықтамасы болып табылады.

Мемлекеттік қызмет оны толық автоматтандыруға және порталдағы «жеке кабинет» арқылы ұсынуға байланысты тізілімнен шығарылды.

Бұл процесстің автоматтандырылуы азаматтардың Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді.

Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды.

Азаматтарменмемлекеттікоргандардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында, «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу, шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес екендігін көрсетеміз.

Сонымен қатар, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің http://qamqor.gov.kz сайтынан, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып алуға болады.

Бүгінгі күнде, үш мемлекеттік қызметті оңайлатылған және жеделдетілген жол арқылы порталдан алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Сонымен, «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметтерді оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнтконсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу болып табылады.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық



басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде көрсетіледі.

Архивтік анықтама алу үшін қызмет алушы портал және Мемлекеттік корпорация баламасы арқылы туыстығын растайтын құжаттардың көшірмесін қоса сала отырып, өтініш береді, қажет болған жағдайда оны апостильмен бірге композитті түрде ала алады.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы өздері ала алады.

ҚР БП ҚСжАЕК Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасы.

Директор - бас редактор Нели ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі: «Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2- 17- 49. Басылым индексі 65360 e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет антасына 1 рет бейсенбі күні шығады. Жазылу индексі - 65360

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда терілін беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Конуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 440

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Магжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады